

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 20 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 желтоқсанда № 4090 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 20.01.2015 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 - қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 20 қарашадағы № 14 -01/256 ұсынысы негізінде Саркөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Саркөл ауылдық округінің Боктыгарын қыстағында орналасқан "Саламат" шаруа қожалығында ірі қара малдарының арасында құтырма ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Саркөл ауылдық округінің әкімі

К.У.Шалманов